

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 тамыздағы N 864 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 392 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 тамыздағы N 864 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 26, 278-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарында: реттік нөмірі 13-жолда:

"Іс-шара" деген 2-бағандағы "және оны қаржыландыру ережесін әзірлеу" деген сөздер алынып тасталсын;

"Аяқтау нысаны" деген 3-бағандағы "Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*